

деген ұмтылысқа толы болады. Гаспринский жаңа, жарқын оқиғаларды аңсайды, үлкен және үлкен істерді армандайды. Оған құрмет көрсету керек-армандар нақты, мақсатты әрекеттерге айналады. Гаспринский жергілікті өзін-өзі басқару сайлауына белсенді қатысады және 1878 жылы наурызда оның күш-жігері жеміс бере бастайды. Ол Бахшасарай қалалық думасының дауысты дыбысымен, ал қараша айының соңында қала басшысының орынбасары болып сайланады. Соңында, 1879 жылы 5 наурызда губернатор А.А. Кавелин И.Гаспринскийді қала басшысы ретінде бекітеді. Жаңадан бастаушы саясаткер үшін жаман мансап емес [4, 146].

1883 ж. егер газетті шығаруға рұқсат салыстырмалы түрде оңай алынған болса, онда оның материалдық базасын қамтамасыз ету үлкен қиындықпен мүмкін болды. Газет, түбі жоқ бөшке сияқты, кез-келген қаржылық инфузияны жеді. Онда Гаспринскийдің әйелі Зухра Акчуринаның алтын әшекейлері, Баку мұнай өнеркәсібі Асадуллаев пен Тагиевтің қайырымдылықтары, Орынбор саудагерлері Хусейновтар мен алтын өнеркәсібі Рамиевтердің қаражаттары және басқа меценаттар мен демеушілердің капиталдары бар. Бірақ ақша әлі де жетіспеді. Осы уақытта газет баяу танымал болды, оның таралымы өсті. Егер апталықтың алғашқы нөмірлері небәрі 320 дана тиражбен шықса, кейінгі жылдары газет тиражы 12-20 мыңға дейін өсті. Басында «Тәржіман» орыс және түркі тілдерінде шықты, ал 1905 жылдан бастап бір тілді болды [4, 151]. Империяның түркі халықтарының қуанышын елестету қиын емес, олар алғаш рет өздері түсінетін тілде басылып шыққан мерзімді басылымды алды. Мәдениет пен білім мәселелерін қамтыған газет кең Ресей империясының барлық бұрыштарында асыға күтті. Бұл ғана емес, оны Түркістан, Румыния, Қытай, Иран, Египет, Болгария және басқа елдер де алды.

Қорыта келе, жәдидшілдік түркі халықтарының тарихында маңызды орын алды. Оны зерттеу әлі де өзекті, XVIII-XX ғасырлардағы татарлардың тарихын түсіндіруді қиындатады, өйткені бұл кезең үшін жәдидшілдік мәселесі шешуші болып табылады. Бұл өте қиын мәселені талдауды осы құбылыс туралы идеялардың жинақталу тарихын қарастырудан бастау керек деп ойлаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер.-Алматы: Жазушы, 1989.-258 б.
2. Гафаров Н. История культурно-просветительской деятельности джадидов в Бухарском эмирате (начало XX века).-Худжанд, 2000.-344 с.
3. Байтлеуова С.И. Жизнь и творчество репрессированных поэтов Казахстана // История вузах. Преподавание в школах и вузах.-2012.-№2. 61-67 бб.
4. Хостлер Ч. Тюркизм и Советы. Тюрки мира и их политические цели.-Алматы: Санат, 2006.-456 с.

С. ЛАПИН МЕН А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Усманова А.К.

*1-ші курс магистранты
Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

Халықтың, ұлттың дамуын мақсат еткен тарихтағы тұлғалар бүгінде Отан тарихының өзекті мәселерінің бірі. XX ғасырдың басындағы ұлт мәселесі талқыға түскен заманда елді қалай біртұтас қылуды мақсат еткен азаматтардың бірі – Ахмет Батұрсынұлы. Ол өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып,

білім алуға шақырған. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен.

Жалпы қазақ тарихында қазақ халқының келешегі үшін қызмет еткен тұлғалар көп. Оларды тарих ғылымында салыстыра отырып талдау бұл мәселені жаңа қырынан ашады. Осы мәселеде А.Байтұрсынұлы мен С.Лапиннің атқарған қызметі, жүріп өткен жолын айтуға болады. Бірақ, А.Байтұрсынұлы тарихта біраз зерттелген тұлға. Бүгінде ұлт ұстазының 150 жылдық мерейтойы жалпыреспубликалық деңгейде тойланып жатыр. Ал зерттелмеген тұлғалардың бірі – Серәлі Лапин.

Серәлі Лапин 1868 жылы Перовск уезі, Кеңтүп болысының 4-ші, қазіргі Қоғалыкөл ауылында өз заманында елге белгілі, атақты болыс Мұңайтпасың отбасында дүниеге келді. 20 жылға жуық болыс болған Мұңайтпас Ресей шенеуніктерімен дипломатиялық қарым-қатынас жасады. Мұңайтпас балаларын оқуға шетелге, атап айтсақ Алмания, Ресейдің Петроград императорлық университетінде білім алуға жіберген. Болыстың ұлдары мен қыздары Ресейдің беделді жоғарғы оқу орындарында білім алған. Солардың бірі Серәлі Мұңайтпасұлы Лапинның орны мен шығармашылық қызметі ерекше екендігін айтқан жөн. Серәлі Лапин ауыл молдасынан алғаш араб тілінде сауат ашқан. Одан кейін Перовскідегі 3 сыныптық училишеде оқып, орыс тілін меңгерді. Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын 1889 жылы бітіріп, сол жерде қазақ балаларына орыс тілінен сабақ берді [1].

Серәлі Лапин 1891 жылы Санкт-Петербургте оқып, императорлық университеттің заң факультетін үздік бітірді. Ол заңгер ретінде жер, қылмыстық-құқықтық қатынастарды және азаматтарды құқықтық қорғау мәселелерін терең меңгеріп қолдана білді. С.Лапин Санкт-Петербург университетінде оқып жүріп саяси істерге араласа бастаған. Ол студент кезінде «Жерлестер» ұйымының қызметіне атсалысқан. Сонымен қатар, Серәлі Лапиннің көп тілдерді меңгеріп, аудармашылық қызметпен де айналысқаны белгілі. С.Лапин Самарқан қаласындағы сәулет ескерткіштеріндегі жазуларды оқып, оларды орыс тіліне аударған. Оның бұл аудармалары Самарқанда 1896 жылы «Самарқан қаласындағы тарихи ескерткіштердегі жазулардың аудармасы» деген атпен жарық көрді. Гүр Әмір, Шаһи Зинда, Бибіханым кесенелері мен Шидар, Ұлықбек медреселеріндегі сәулет ескерткіштеріндегі араб-парсы тілінде жазылған сөздердің аудармасы осы еңбекке енді. Серәлі Лапин сондай-ақ, «Шаһнама», «Туһрат әл-Хани» дастандарының парсы тіліндегі қолжазбаларын тауып, шығыстану ілімі айналымына қосты. Оның шығыстану, түркітану саласында өзіндік қолтаңбасын көрсеткен жұмыстарына кезінде әйгілі ғалымдар В.Л.Вяткин, В.В.Бартольд, Н.И.Веселовский, В.В.Розен назар аударып, пікір білдірген.

Ол Шаһи-Зинда, араб қолбасшысы ибн Куссам жайында ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтылып жүрген аңыздарды ел аузынан жазып алып, қалдырды. Халық ағарту ісіне атсалысты.

1892 жылдары ол Самарқант облыстық сотында аудармашылық қызметпен айналысып, 1893 жылы Самарқант облыстық губернаторының әскери губернатор аудармашысы болып бұйрықпен қызметке тағайындалды. 1901 жылы Самарқант облысында адвокат болып еңбек етті. Ол бұл қызметін атқару барысында елде болып жатқан жағдайларға сын көзбен қарап, халыққа үнемі қол ұшын берген. Түркістан өлкесіндегі халық ағарту саласында патша өкіметінің орыстандыру саясатын ұстанғанына, Ресейдің ішкі губернияларынан қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне орыс шаруаларын қоныс аудартудың үдей түсуіне және ислам дінінің қыспаққа алынып, дін ісінің жергілікті билік орындарының қолына берілуіне алаңдаушылық танытып, мұндай келеңсіз жәйттерге тосқауыл қою жолын қарастырды. Осы жұмыстарды атқара жүріп, Серәлі Мұңайтпасұлы еліміздің тарихында алдымен шығыстанушы, одан ағартушы және қоғам қайраткері ретіндегі өзіндік елеулі орны бар тұлға болып қалыптасты.

Өлкедегі зиялылар Лапинді халықтың түбегейлі мүдделерін терең білетін қорғаушысы ретінде таныды. Сондықтанда оны Ресейдегі алғашқы Мемлекеттік Думаға депутат етіп сайлау үшін кандидаттықта ұсынды. Кейін оған қазақ секілді бұратаналарды

сайлау және сайлану құқығынан айырған әйгілі «3 маусым төңкерісінен» кейін, түркістандықтардың мұң-мұқтажын Думаға жеткізетін өкіл болуды тапсырды. Соған байланысты ол 1908-1910 жылдары Санкт-Петербург қаласында тұрып, 3-Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясының ұйымдастыру бюросында қызмет етті.

Осында 2-мемлекеттік Думаның мүшесі Бақытжан Қаратевпен бірге 1908 жылғы сәуірде мұсылмандардың дін істері мен діни мекемелері туралы және 1908 жылғы маусымда – қазақтарды жерге орналастыру жөніндегі заң жобаларын дайындады. Жер-су хақындағы қазақ мүддесін қорғайтын осы заң жобасын Думадағы түрлі фракциялардан 60 депутат (мұсылман, октябрист, кадет, трудовик) қолдаған болатын, бірақ үкіметтің Жер өңдеу және жерге орналастыру бас басқармасы оған негіз етілген қағидалармен келіспейтіндіктерін білдіріп, қарсылық көрсеткендіктен, жоба Мемлекеттік Думаның талқылауына салынбады. Қазақтың шұрайлы жерлерін орыс мұқтажықтары үшін кесіп алу жалғастырыла берді.

Сонда Лапин мұндай ахуалдан әлі де сағын сындырмай, халық мүддесіне қызмет етудің одан басқа, қолданыстағы заңдар ауқымына орындалуы мүмкін бір жолы ретінде Түркістан генерал-губернаторының рұқсатымен, қазақ арасында сауда-экономикалық серіктестік құрды (Ол 1910 жылы ашылып, түрлі кедергілерге байлаңсты көп қанат жая алмай, 1913 жылы жұмысын тоқтатты). 1912 жылы Санкт-Петербург оқу орындарында білім алып жатқан түркістандық студенттерге көмек көрсету қоғамының жұмысына қатысты. Қоғамның жиналысына 1913 жылы Түркістан халық-ағарту ісінің жай-күйі туралы баяндама жасады. Санкт-Петербургтегі құрылысы Романовтар Үйінің патшалық құруының 300 жылдығына мұсылман мешітін салу ісіне атсалысты. 1914 жылы Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, патша үкіметінің ағарту және діни салаларындағы саясатын сынады.

1917 жылғы Ақпан революциясының нәтижесінде патша өкіметінің құлауын С.Лапин зор қуанышпен қарсы алды. Ол қалыптасқан саяси ахуал Түркістанның саяси бостандығына қол жеткізуіне мүмкіндік береді деп түсінді. Сол себепті Уақытша үкіметке барынша қолдау танытып, оның жергілікті органдарын құруға белсене қатысты. Жергілікті халықтың мүддесін қорғау мақсатында құрылған ұлттық ұйым – «Шуро-и-ислам» (Ислам кеңесі) ұйымына мүше болып кірді [2].

Бірақ көп ұзамай С.Лапин «Шуро-и-ислам» ұйымынан қол үзіп, өз алдына бөлек ұйым құру жолына кіріскен. Ол өзінің мұндай қадамға баруын «Шуро-и-ислам» ұйымы мен Түркістан өлкесі мұсылмандарының кеңесінің жергілікті халықтың мүддесін қорғауда мұсылмандық, исламдық идеяларды басшылыққа алмауымен байланыстырды [3, 90-бет].

1917 жылы 26 қарашада Қоқан қаласына өлкелік төртінші төтенше мұсылмандар съезі өз жұмысын бастады. Сол съезге 250-ден астам делегат қатысты. Съез үш күн жұмыс жасап, Түркістан өлкесі халықтарының өзін-өзі билеу ықыласынан туған Түркістан автономиясын жариялады. Түркістан Құрылтайы шақырылғанға дейін саяси биліктің Түркістан Уақытша кеңесіне өтетіндігі жөнінде қаулы қабылданды. Түркістан Уақытша кеңесіне 54 адам сайланды. Олардың қатырында С.Лапин да болды.

Ұлт пен ұлттық сана, ұлттық идея мен идеология, ұлтшылдық пен ұлттық зиялы қауым тұрғысынан қарастырғанда Серәлі Лапиннің өмірлік ұстанымдары ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының идеясымен тоғысады. А.Байтұрсынұлы мен С.Лапиннің мақсат-мұраттары бір еді. Серәлі Лапиннің өмір жолын азаттық үшін күрескен қайраткер десек, Ахмет Байтұрсынұлы сол азаттық жолында қазақтың тілі мен жерінің жанашыры, қоғам қайраткері. Алаш азаматтарының қоғамда болып жатқан өзгерістерге бей-жай қарамай, ел мүддесі үшін қабылданған шешімдерде ойлары бір тұстан шығып отырған. Оған дәлел 1913-1918 жылдары А.Байтұрсынұлының редакторлығымен Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газеті.

А.Байтұрсынұлы Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарды [4, 91-бет]. Бұл газеттің шығуына себеп болған жағдай – қараңғы қазақтың көзін ашу болатын.

Ол кезде қазақты оқытып, тоқытуға империя құлықты болған жоқ. Қайткен күнде қазақты мал бағып, төрт түліктің соңынан таңнан кешке дейін жүре бергеніне мүдделі болды. Халықты рухани байыту арқылы жұрттың саяси белсенділігін арттыру керек болды. Дүниеде не болып жатыр, біздің болашағымыз не болады деген сұрақтарды қарапайым тілмен «Қазақ» газетінде жазып отырды. Саяси әдістерді игеріп күресе алатын ұрпақ тәрбиелеу үшін жазу жазып, оқу оқи алатын азаматтар керек болды.

Қазақ газетінің 1913 жылғы 31 июль айындағы №24 шығарылымы Жаһанша Әлмұхамед ұғлы Сейдалиннің «Азып-тозып кетпеске не амал бар?» деп аталатын мақаласы басылады. Бұл жерде қазақтың шұрайлы жерлері орыс мұжықтарына берілгендігі, ендігі кезекте қалған жерлерде арендаға сатайын деп жатқандығы туралы хабар береді. Бұл мәселені шешу жолында «съезде» бас қосып бір жерде халық жайын сөйлесу керектігін айтады. Тағы бір қаралатын мәселе туралы: «Бас қосылмай Государственни Дума һәм Советке енді бізден адам бара алмас. Бұл екі мекемеде бізден кісі болмай тұрғанда қазақ халқын шеноуниктерге, мұжыққа талатпай адам есебіне кіргіземін деген судардың бетіне түкіруге болады.»,- делінген [5, 242-бет]. Мақалада съезд Орынборда болсын, әр болыстан екі адам сайланып келсін деген талаптар жазылған. Сонымен қатар осы мақалада Сералы Лапин де Ахмет Байтұрсынұлы да съезге көмек бере алатын, шақырылған 16 адамнан тұратын тізімде қатар жазылған: «6.Биігіректе бұл басталайын деп тұрған халық ісіне тезінен жауап күтемін, шабылып қалған тарландардан: Бақытжан Қаратаев, Бақыш Құлманов, Ғалихан Бөкейханоатардан, бұл үшеуінің өзі үш рулы ел болса да Алаш дегенде басы бір жерге қосылса керек. Және бұлардан басқа: Райымжан Мәрсековтен, Мұхамеджан Тынышбаевтан, Халел Досмұхамедовтан, Әбубәкір Алдияровтан, Ахмет Байтұрсыновтан, Сералы Лапиннен, Мұхамеджан Сералиннен, Жанайдаровтан, Батырша Есмахановтан, Зұлқарнайын Сейдалиннен, Міржақып Дулатовтан, Барлыбек Сыртановтан, Жақып Ақбаевтан уа ғейри қазақ халқының халін көріп, жаны ашығандардан хат күтемін. Сиезге келуге уақытыңыз бар ма? Қайсыңыз соған уәде берерсіз, қайсыңыз бере алмайсыз? Болашақ сиезге програма жазуға, ошақ басын ұстауға күш-көмек бере аласыз ба, жоқ па? Күні кеше бұл атын атап жазған он алты кісінің он алтысы да қазақ дегенде бұлбұлша сайрайтұғын еді. Бүгін бас қосарлық дегенде не айтар?»,- делінген [5, 243-бет]. «Қазақ» газеті бетінде қазақ халқының қоғамдық және мәдени мүдде-қажеттіліктерін батыл сөз еткен материалдар жиі басылған. Бұл жерден байқағанымыздай осыған дейін елдік мәселесі қозғалғанда С.Лапиннің де А.Байтұрсынұлының да ойы бір жерден шығып, халық мүддесін қорғайтын шешім қабылдап жүргендері.

«Қазақ» газетінің келесі шығарылымдарында да Серәлі Лапиннің қоғамдық-саяси қызметі туралы мақалалар жарияланған. Дәлірек айтсақ, «Қазақ» газетінің 1914 жылғы №54 шығарылымында Серәлі Лапиннің Мемлекеттік Думаның мал сою мәселесі туралы Петербургтағы мұсылман депутаттар мен атақты молдалар шақырылған мәжіліске қатысқаны айтылған: «Г.Думаның оң депутаттары орыс патшасына қараған жұрттар соятын малды бауыздап жанын қинамасын, мылтықпен атып, иә балтамен басын жарып өлтірсін деп Думаға закон жобасын кіргізді. Бұл біздің мұсылман халқына өте жәбір һәм шарифатқа халаф екендігі мағлұм. Соның үшін Петербургтағы мұсылман депутаттар ондағы атақты молдаларды шақырып мәжіліс жасапты, молдалар лайығынша фәтуа беріпті. Бұл мәжілісте біздің қазақтан Сералы мырза Лапин болыпты», -деп көрсетілген [6, 104-бет].

Сонымен қатар Әлихан Бөкейхановпен бірге Петербургта мұсылман кеңесіне С.Лапинде барған. Бұл туралы: «Петербургтағы мұсылман кеңесі 15-25 иунде болатынын бұрын жазған едік, онда қазақтан неше кісі баратыны әлі белгісіз, бірақ Ғалихан Бөкейханов баратыны басқармаға анық мағлұм. Естүімізше Петербург кеңесінде қазақтан Серәлі мырза Лапин де болмақшы. Лапин Ақмешіт уезінің қазағы, қазір Петербургта тұрады.»,- деп 1914 жылы 8 маусымда «Қазақ» газетінің №65 жазылған [6, 211-бет].

Бүкілресейлік мұсылмандардың төртінші съезіне қазақтан кім барғаны, съезде қаралған мәселелер туралы мақалалар газетке Ә.Бөкейханов жазған.

Газеттің №66 шығарылымында: «Аз да болса қазақтан Петербург кеңесіне 3 кісі кетті. Бұлар: 1) Ғалихан Бөкейханов; 2) Садуақас Шорманов һәм 3) Сералы Лапин. Әуелгі екеуі Семей облысынан, соңғысы Сырдариядан.» - деп көрсетілген [6, 220-бет].

Серәлі Лапиннің «Айқап» журналында Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин, Д.Аманшин, А.Нарымбаев пен бірге қазақ елінің діні, жерге правосы туралы мақаласы жарияланған.

«Қазақтардың діні хұқук һәм жер қақындағы өзара кеңестерінің қортқысы» атты мақала «Айқап» журналының 1914 жылғы №14, 226-229 беттерінде жарияланған. Мақалада Петербургте болған Мұсылмандар Жиналысына қатысқан уәкілдердің қазақ елінің діні басқаруы, жер-су правосы туралы пікірлерін жазған [7, 23-бет].

Қорыта келе, ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының басынан өткен түрлі тарихи оқиғалар барысында халықтың тұтастығы мен елдің болашағын ойлайтын азаматтардың бір ту астына жиналып, бір мақсатта күрескендерін жазба деректері арқылы көз жеткізіп отырмыз. Серәлі Лапин мен Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының саяси құқықтық, әлеуметтік-экономикалық азат елдігін аңсады. Осы жолда өз дәуірлеріндегі қазақ елінің жоғын жоқтап, көкейкесті мәселелері хақында ой толғап, ұлтына бірге қызмет етті.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Аргынбекова Г.И. Серәлі Лапиннің шығармашылық қызметі// Молодой ученый. – 2019. - №52(290). – С. 451-453.
2. Байзақұлы Ж. Серәлі Лапин// Сыр бойы. – 2019.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
4. Алаш. Алашорда. Энциклопедия/ Құрастырған: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: Арыс, 2009. – 544 б.
5. «Қазақ» газеті. 1913 жыл /Құрастырған: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева. – Алматы: Арыс, 2009. – 480 б.
6. «Қазақ» газеті. 1914 жыл /Құрастырған: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева. – Алматы: Арыс, 2009. – 499 б.
7. Субханбердина Ү. «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. I-бөлім. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1961. – 156 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ДАРАБОЗ ДАРЫН ТҰЛҒА

*Ералиева Б.К. тарих пәнінің мұғалімі
Сәтбаев қаласы, «№7 ЖББМ» КММ, Қазақстан*

Ахмет Байтұрсынұлы «Ана тілдің айбары» омырау медалі және «Ғасыр саңлағы» алқа белгісімен марапатталған. [1]. Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлы дарабоз дарын иесі, бір басында көсемдік, қайраткерлік, журналистік, сазгерлік, тілшілік, аудармашылық, әдебиетші, баспагерлік, көрегендік асыл қасиеттері бар ұлы тұлға. Педагогикаға сіңірген еңбегі бір басқа. Жас ұрпақ үшін еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған Ұлы ұстаз. «Қайтсе халқыма пайдамды тигіземін, қалай көзін ашамын, ұйқысынан қалай оятамын»,-деген түпкі оймен толассыз толғанып, үздіксіз ізденген ағартушылық ғұмырында Алаш баласына арнап теңдесі жоқ асыл мұра қалдырды.

1909 жылдан бастап «Маса», «Қырық мысал» жинақтарын баспадан шығарып, өзін бейбіт сезініп, бейғам жатқан елін оятты. 1912 жылы мұсылман түріктер мың жыл бойы қолданған араб жазуы негізіндегі қадім жазуына теңдесіз реформа жасап, төте жазуды барлыққа келтірді. Әліпби 26 әріп пен 1 жұмсарту белгісінен тұрады. Қазақ тіліне тән сингармонизм заңының негізінде жұмсарту белгісі осы 26 әріппен шектелуге мүмкіндік берді. Бұл әліпбиді осы уақытқа дейін Қытай, Ауғанстан мен Иранда тұратын қазақтар